

“Астана медицина университеті” АҚ
№1 Қоғамдық денсаулық сақтау кафедрасы

Студенттің өз бетінше атқаратын жұмысы

Тақырыбы: ҚР денсаулық сақтау жүйесіндегі медициналық сақтандыру элементтері. Медициналық сақтандыру бағдарламалары. Әлемдегі сақтандыру медицинасының моделі.

Орындаған: Тұрғынова Ж.О.

Топ: 505 ҚДС

Тексерген:

Астана 2016

Жоспар

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

1. Медициналық сақтандыру: міндетті және ерікті
2. Медициналық сақтандыру элементтері
3. Медициналық сақтандыру бағдарламалары

III. Қорытынды

IV. Пайдаланылған әдебиеттер

Кіріспе

Медициналық сақтандыру – халықтың денсаулығын қорғау жүйесі. Қорланған қаражат есебінен азаматтардың тегін медициналық көмек алуына кепілдік беруді көздейді. Барлық деңгейдегі мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын тегін денсаулық сақтаудан медициналық сақтандырудың айырмашылығы осында. Медициналық сақтандыру міндетті және ерікті сақтандыру жолымен жүзеге асырылады. Міндетті медициналық сақтандыру мемлекеттік әлеуметтік сақтандырудың бір бөлігі болып табылады және мұнда сақтандыру жарналарын жұмыс істеуші азаматтар үшін кәсіпорынның, ұйымның, басқа да жұмыс берушілердің қаражатынан төленеді, ал еңбекке жарамсыздар, жұмыс сыздар үшін тиісті деңгейдегі бюджеттерден қаражат аударылады. Ерікті медициналық сақтандыруда сақтандыру тарифтері сақтандырушы ұйым мен медициналық мекеме арасындағы келісім бойынша белгіленеді.

Медициналық сақтандыру

- Медициналық сақтандыру - бұл жұмыс берушілердің, азаматтардың сақтық жарналары мен бюджеттік қаражаттар есебінен сақтандырылған адамдарға зиянның орнын өтеу үшін және медицина мекемелерінің шығындарының өтемақысын төлеу үшін ауырған, жарақат алған жағдайда денсаулықты қаржыландыру жөніндегі қатынастар. Ол әлеуметтік бағдарланған экономикасы бар елдердің сақтық қорғауы тұтас жүйесінің міндетті атрибуттарының бірі болып табылады.
- Медициналық сақтандырудың екі түрі бар: *міндетті* және *ерікті*.

Міндетті медициналық сақтандыру

- Міндетті медициналық сақтандыру кезінде заңнамамен барлық азаматтар үшін бюджетке төленетін аударымдардың бірдей мөлшерлемесі белгіленеді, соның есебінен денсаулық сақтауға жұмсалатын ақшалай қор қалыптасады. Мұндай жүйе халықтың барлық жіктері үшін медициналық және дәрі-дәрмектік көмектің тең көлемі мен сапасын қамтамасыз етеді. Бірақ, бұл нысан, оның барлық артықшылықтарына қарамастан, Қазақстанда іске асырылмайды.
- Міндетті медициналық сақтандырудың құндылығы келісімшарт тәртібінің болуы, демек, келісімшарт орындалмаған кезде, сақтық қорғау мүмкіндігі, емделген ауру адамдардың санына қарай медициналық мекемелердің кепілденілген ақша алуы, медициналық жәрдем жақсы болса, бұл медициналық мекемеге аурулар көп келетіндіктен медициналық жәрдемнің сапасын арттыруға ұмтылуы және т.б. болып табылады. Дәрігерлер ауруды емдеуге ынталы болады; сөйтіп, медицинаға қалыпты рыноктық қатынастар енгізіледі.

Ерікті медициналық сақтандыру

- **Ерікті медициналық сақтандыру** міндетті медициналық сақтандыру жүйесіне толықтыру болып табылады. Ол сақтық төлемақыларды, яғни медициналық қызмет көрсетуге жұмсалатын өтемді, жүзеге асыруды қарастыратын жеке басты сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып келеді. Сақтық полисінің құны қызметтердің ассортиментіне, емдеуге жататын сырқаттардың түріне, сақтандырылған ауруға қызмет көрсетілетін емдеу мекемелеріне байланысты болады. Ерікті медициналық сақтандырудың негізгі құндылығы қазіргі құрал-жабдықпен жарақталған және жоғары сыныптық мамандары бар клиникаларда сапалы медициналық жәрдем алу мүмкіндігі болып табылады

Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының [Конституциясына](#) негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда қамтылғаннан өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

3. Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңнамасымен реттелген құқықтық қатынастарға Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы [заңнамасының](#) күші қолданылмайды

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қағидаттары

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру:

1) Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңнамасын сақтау және орындау;

2) аударымдарды және (немесе) жарналарды төлеудің міндеттілігі;

3) мемлекеттің, жұмыс берушілердің және азаматтардың ортақ жауапкершілігі;

4) көрсетілетін медициналық көмектің қолжетімділігі және сапасы;

5) қордың активтерін тек қана міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсетуге пайдалану;

6) қор қызметіндегі жариялылық қағидаттарына негізделеді.

Медициналық сақтандыру бағдарламасы

Серіктестік жұмысшыларының денсаулықтарын сақтауға сырқаттанған жағдайдан өз еркімен медициналық сақтандыру кіреді. Сақтандырудың арқасында компания қызметкерлері Қазақстанның алдыңғы қатарлы медициналық мекемелеріне қаралып ем алуға мүмкіншіліктері бар. Сақтандыру келісім-шартында бекітілгендей жұмысшы және оның отбасының бір мүшесі(таңдау бойынша жолдасы, балалары немесе ата-аналары) сақтандырылады.

Сақтандыру бағдарламасына кіреді:

- диспетчерлік қызметпен тәулік бойғы байланыс CALL-орталықтары арқылы науқастың денсаулығын үйлестіру;
- амбулаторно-поликлиникалық көмек(зерттеудің барлық аспапты-лабораториялық түрлері және шұғыл және емделу көрсетілімдері бойынша Компанияның медициналық және уәкілетті емханаларында ем қабылдау);
- шұғыл жедел жәрдем(шұғыл медициналық көмек бригадасын шақыру, ауруханаға дейін тасымалдау, тасымалдау кезінде медициналық бақылау, толық жұмыс айына, демалыс және мейрам күндеріне көмек көрсету);
- ауруханада емдеу(негізгі және ілеспелі ауруларды, емдеу көрсетілімдері бойынша ем көрсету және тексеру);
- емханада және үйде орта буын медициналық қызметкерлеріне көмек көрсету(бұлшық ет, қан тамыры, тері асты инъекциялары, талдауға қан алу) – күндізгі емхана;

- флюорография (жұмыс орнында жылына 1 рет);
- міндетті мерзімді медициналық қарау(2012 жылдың 25 қаңтардағы №166 ҚР ҮҚ сәйкес, жылына 1 рет);
- вакциналау(тұмау ауруларының алдын алудың профилактикалық шаралары, жұмыс орнында жылына 1 рет);
- міндетті алдын-ала медициналық қарау(2012 жылдың 25 қаңтардағы №166 ҚР ҮҚ сәйкес, жұмысқа орналасу кезінде);
- компанияның қызметкерлерінің жүктілігін және босануды жүргізу;
- Ресей Федерациясындағы емделу құнын өтеу, тек қана жұмысшы мен 18 толған балаларына;
- Емханалық емделуге стоматологиялық қызметтер мен дәрі-дәрмектер(дәріқағаз бойынша).

III. Қорытынды

Медициналық сақтандырудың жұмыс істеуі медициналық қызмет көрсету саласынды нарықтық қатынас тудырады. Бұл өз кезегінде, медициналық қызмет көрсететін - медициналық мекемелердің, олардың қызметкерлерінің, жеке машықтанушы дәрігерлердің еңбегінің саны мен сапасына нақты баға беруге мүмкіндік тудырады. Басқа жағынан, науқастар емдеу-профилактикалық мекеме мен нақтылы дәрігерді таңдау құқығы пайда болады. Бұл міндетті медициналық сақтандыру қоры тарапынан емделушілердің мүддесін қорғаумен қосарланады: ол медициналық қызметтер көрсетудің сапасы мен көлеміне сараптық баға бере алады, емдеу нәтижелеріне кінәрат-талап таға алады, ал қажеттік кезінде емдеуші мекемеге немесе жеке машықтанушы дәрігерге экономикалық санкциялар қолдана алады. Жалпы алғанда, медициналық сақтандырудың дамуы қазіргі кездегі денсаулық сақтау жүйесіндегі кемшіліктерді азайтып, жүйесіз жүрген істерді біршама жүйелеуге жол ашады. Бұл әлемдік тәжірибеде дәлелденген. Қолданыстағы заңнамалық және нормативті-құқықтық база медициналық сақтандыруға тән заңнама емес, өйткені ол қаржылық бөлігіне, нарықтық жағдайды және тұтынушылар құқығын қорғауды қамтамасыз ету мәселелеріне шоғырланған.

IV. Пайдаланылған әдебиеттер